

I бөлім. Географиялық зерттеу әдістері

Тақырып: Зерттеу әдістерінің түрлері



География зерттеу әдістері



Картографиялық

Теориялық

Далалық

Қашықтық





Картографиялық

- Карталар;

Далалық

- Далалық күнделік (полевой дневник)
- Тау жыныстары үлгілері;
- Метеорологиялық күнделік және т.б.


Теориялық

- Ғылыми мақалалар;
- Оқулықтар;
- Ғылыми әдебиет т.б.

Қашықтықтан зерделеу

- Аэрофотосуреттер;
- Ғарыштан түсірілген фотосуреттер;
- ГАЖ (географиялық ақпарат жүйелері).


Картографиялық әдіс: картаны оқу, салыстыру, шартты белгілермен жұмыс жүргізу.




Далалық әдіс: табиғат құбылыстарын бақылау, үлгілерді жинау, географиялық нысанды сипаттау. Жұмысты географиялық алаңда жүргізуге болады. Мысалы: топырақ үлгісін жинау, метеорологиялық құралдармен жұмыс, т.б.





Теориялық әдіс: әдебиеттерге шолу статистикалық деректерді талдау.




Ғарыштық әдіс- географиялық зерттеу әдісі 1960 жылы алғаш рет метеорологиялық спутник ұшырылып алғаш рет космостық сурет алғаннан кейін, тың серпіліс алды. Және де қайта даму үдерісінде болды. Бұл арқылы адамзат баласы географиялық қабаттар, заңдылықтар, компоненттік ерекшеліктері туралы анық біле бастады.



Аэроәдіс - жер аумағының ұшу аппараттары арқылы зерттеу әдісі. Физикалық-географиялық аэросуреттерді алу үшін олар түрлерге бөлінеді. Жерді қашықтықтан зондтау-жер бетін әр түрлі түсіруші құрал жабдықтармен жабдықталған әуелік және ғарыштық құрылғылармен бақылау.





□ Сонымен қатар географиялық әдістердің басқа да түрлері бар. Олар: сипаттамалық әдіс, математикалық әдіс, геохимиялық әдіс, геофизикалық әдіс, тарихи-географиялық әдіс және т.б.



Тарихи-географиялық әдіс - қоғамдық құбылыстарды зерттеуде кең тараған жалпығылыми сипаттаушы әдіс. Бұл әдіс маңызды, тұрақты, қайталанбалы заңды байланыстарды анықтау мақсатында саяси өмірдің қандай да бір құбылыстарының пайда болуының, дамуының, қызмет етуінің шынайы бейнесін қайта жасау үшін тарихи ғылымдардың түсініктері мен ұғымдарының көмегіне жүгінеді.




Геофизикалық әдіс дәл көне және дәстүрлі салыстырмалы және картографиялық әдіс секілді, бірақ басты айырмашылығы жаңа зерттеу әдістеріне жете араласады. Геофизикалық әдіс географиялық әдісте тек динамикалық компоненттерде, яғни судың массасы мен ауа массасын анықтауда қолданылады.



Геохимиялық әдіс керісінше жас әдістер қатарында. Ол тек ХХ басында химия технологиясы жер бетінде дамығанда ған дүниге келген болатын. Бұл екеуінің географиялық-физикалық әдістерге үлкен ықпалы бар, сондықтан бұлар алдағы уақытта үлкен көлемде анықталып талқыланатын болады


The carbon cycle shown in petagrams, designed by the GLOBE Carbon Cycle Project.



Units: Petagrams (Pg) = 10^{15} gC

• Pools: PG

• Fluxes: Pg/year





Пысықтау сұрақтары

- 1. Географиялық әдіс түрлері
- 2. Картографиялық әдіс дегеніміз не?
- 3. Аэроәдіс дегеніміз не?
- 4. Геофизикалық әдіс